

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 66 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы "Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

"Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 1 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 14, 200-құжат; N 22, 303-құжат; N 24, 443-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 24; 338-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Алматы қаласының құқықтық мәртебесі осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.";

2) мынадай мазмұндағы 1-1-баппен толықтырылсын:

"1-1-бап. Алматы қаласының символы

1. Алматы қаласының оның символы болып табылатын Қазақстан Республикасының мәдени, саяси, экономикалық және ғылыми орталығы ретінде қаланың ерекшелігін, сондай-ақ оның географиялық орналасқан жері мен қоршаған табиғи ортасының ерекшелігін білдіретін елтаңбасы болады.

2. Алматы қаласы елтаңбасының сипатын және оны пайдаланудың тәртібі мен оның бейнесін қаланың жергілікті өкілді органы айқындайды.";

3) 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Алматы қаласының аумағын Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті белгілейтін және өзгертетін Алматы қаласының әкімшілік шекарасы шегіндегі жер құрайды.";

мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалатын атауы мен шекаралары бар аудандар қаланың әкімшілік-аумақтық бірліктері болып табылады.

4. Алматы қаласының аудандары тиісті аумақтардың географиялық, қала құрылысы ерекшеліктері, халқының саны, әлеуметтік-экономикалық сипаттары, көлік коммуникацияларының орналасуы, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымы ескеріле отырып құрылады." ;

4) мынадай мазмұндағы 2-1-баппен толықтырылсын:

"2-1-бап. Жер учаскелерін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алып қою (сатып алу) ерекшеліктері

1. Жер учаскесі мемлекеттік қажеттіліктер үшін сатып алу немесе жеке меншік иесінің немесе жер пайдаланушының келісімімен құны тең басқа жер учаскесін беру жолымен алып қойылуы мүмкін.

2. Жерді пайдалану құқығы сатып алынған меншік иелері мен мемлекеттік емес жер иеленушілерден мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскесін алып қою жер учаскелерін алдағы сатып алуға дейін үш айдан кешіктірмейтін мерзімде оларға міндетті түрде хабарлай отырып, сатып алу тәртібімен жүзеге асырылады.

Меншік иесінің немесе жерді пайдаланушының келісімімен ғана жеке меншік иелерінің немесе жерді пайдаланушылардың осындай хабарды алған күннен бастап үш ай өткенге дейін жер учаскелерін сатып алуына жол беріледі. Егер жеке меншік иесі немесе жерді пайдаланушы мемлекеттік қажеттіліктер үшін одан жер учаскесін сатып алу туралы шешіммен келіспесе не онымен сатып алынатын жер учаскесіне баға немесе сатып алудың басқа да шарттары туралы келісімге қол жеткізілмесе, Алматы қаласының атқарушы органы сотқа үш ай өткенге дейін жер учаскесін сатып алу туралы талап арыз беруге құқылы." ;

5) 3 - б а п т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) лотереялар шығару, оларды орналастыру мен өткізу шарттары туралы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес қарыздарды тарту қажеттігі мен шарттары туралы шешім қабылдауға" ;

мынадай мазмұндағы 8-1), 8-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) қала аумағын көріктендіру, санитарлық тазалау, тазалық сақтау және жинауды ұйымдастыру тәртібін белгілеуге;

8-2) атақтар беру және "Алматы қаласының құрметті азаматы" деген атақты тағайындау тәртібі мен шарттарын белгілеуге;" ;

6) 4 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 4-1), 4-2), 4-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"4-1) қала аумағында халықтың экологиялық қауіпсіздігін және бұзылған табиғи

экологиялық жүйелерді қалпына келтіруді қамтамасыз етеді;

4-2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қалада жалпы мемлекеттік және халықаралық іс-шаралар өткізу үшін қажетті жағдайлар ж а с а й д ы ;

4-3) Алматы қаласы бойынша өзге қалалық және транзиттік жүк-жолаушы автомобиль көлігі жүруінің сызбасын айқындайды;"

7) 5 - б а п т а :

2-тармақтағы "бөлінетін" деген сөз "кірістерді бөлетін" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 және 4-тармақтар алынып тасталсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті